

**8D01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру
бағдарламасы бойынша PhD докторант**

Ахметсапа Айгүл Есенкелдықызының

**«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-
әрекетке даярлау» тақырыбындағы диссертациясының**

АНДАТПАСЫ

Зерттеу тақырыбы: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау

Зерттеу мақсаты: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың теориялық негіздемесін тұжырымдап, әдістемелік жүйесін жасау және оның тиімділігін педагогикалық эксперимент арқылы тексеру.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

- «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» ұғымының мәні мен құрылымын нақтылау.

- Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау мүмкіндіктерін анықтау.

- Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеу.

- Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың жүйесін жасап, тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыста тексеру, ғылыми тұжырымдалған ұсыныстар беру.

Зерттеу әдістері:

Теориялық (психологиялық, педагогикалық және ғылыми-теориялық әдебиеттерді, жоғары оқу орындарының тәжірибесін, нормативтік және оқу-әдістемелік құжаттаманы талдау, жинақтау, қорытындылау, салыстыру, нақтылау, нәтижелерді жобалау); эмпирикалық (сауалнама жүргізу, бақылау, диагностика, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс); статистикалық (алынған нәтижелерді математикалық-статистикалық өңдеу, нәтижелерді графикалық түрде ұсыну, сараптау).

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:

1. Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті - мақсаты бастауыш білім беру процесін жетілдіруге бағытталған объективті жаңалық пен қоғамдық маңыздылыққа ие рухани және материалдық объектілерді жасау болатын, сананың кең өрісімен, өзін-өзі шығармашылық тұрғыдан көрсету мүмкіндіктерімен, басқару және өзін-өзі басқару қабілеттерімен, көлемді ақпаратты тез өңдеумен анықталатын, өзін-өзі жетілдіруге әкелетін мұғалімнің іс-әрекетінің бір түрі. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау - бұл оларда тұлғалық шығармашылықты дамытуға және бастауыш білім сапасын арттыруға ықпал ететін педагогикалық жаңалықтар мен сәтті тәжірибелерді, заманауи технологияларды іздеумен және жүзеге асырумен байланысты білім мен дағдылардың барлық кешенін қалыптастырудың мақсатты процесі.

2. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау келесі мүмкіндіктерді ескеріп, жүзеге асырумен қамтамасыздандырылады: 1) бастауыштың теориялық негіздерінен жоғары білімінің болуы; 2) педагогикалық іс-әрекеттегі шығармашылықтың жалпы теориялық негіздерін білуі; 3) мектепте шығармашылық процесті ұйымдастыру мен жүзеге асырудың заманауи әдістемелері мен технологияларын игеруі; 4) кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті жоспарлауды, жүзеге асыруды, бағалауды білу және тәжірибеде қолдана алуы.

3. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі ақырғы нәтижеге жетудің теориялық-әдіснамалық негіздері; кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың компоненттері мен көрсеткіштері айқындалған, мотивациялық-тұлғалық, когнитивтік-мазмұндық, операциялдық-технологиялық, бағалаушылық-рефлексиялық компоненттерін қамтитын құрылымдық-мазмұндық модель болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлауда, жоғары педагогикалық оқу орындарының теориялық және практикалық міндеттерді шешудегі әрекеттерін жаңартуда басшылыққа алатын ғылыми негізделген әдістемелік нұсқаулық бола алады.

4. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау жоғары оқу орнының оқу-тәрбие процесінде білім беру технологияларын қолдана отырып «Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» оқу-әдістемелік кешенін, «Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» оқу құралы, «Шығармашылық тапсырмалар жинағын» қамтитын әдістемелік жүйе енгізу арқылы жүзеге асырылады.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы:

- «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» ұғымының мәні мен құрылымын ашылып, нақтыланды;
- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау мүмкіндіктері анықталды;
- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді;
- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың әдістемелік жүйесі жасалды және болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлауға бағытталған «Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» оқу-әдістемелік кешені мен «Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» оқу-құралы, «Шығармашылық тапсырмалар жинағы» әзірленіп, тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыста тексеріліп, ғылыми тұжырымдалған ұсыныстар берілді.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі:

- *бірінші нәтиже жаңа.* Психологиялық, педагогикалық және ғылыми-

әдістемелік еңбектерді талдау барысында категориялық түйінді ойларды сараптамалық талдаудан өткізе отырып, «шығармашылық», «кәсіби-шығармашылық», «кәсіби-шығармашылық іс-әрекет», «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті», «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау» ұғымының мәні мен құрылымын ашылып, нақтыланды;

- *екінші нәтиже жаңа.* Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың 1) бастауыштың теориялық негіздерінен жоғары білімінің болуы; 2) педагогикалық іс-әрекеттегі шығармашылықтың жалпы теориялық негіздерін білуі; 3) мектепте шығармашылық үдерісті ұйымдастыру мен жүзеге асырудың заманауи әдістемелері мен технологияларын игеруі; 4) кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті жоспарлауды, жүзеге асыруды, бағалауды білу және тәжірибеде қолдана алу сияқты педагогикалық мүмкіндіктері анықталды;
- *үшінші нәтиже жаңа.* Зерттеу барысында теориялық тұрғыда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері және оның жоғары, орта, төмен деңгейлері анықталып, құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді;
- *төртінші нәтиже жаңа.* Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың жүйесі («Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» оқу-әдістемелік кешені, «Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» оқу-құралы және «Шығармашылық тапсырмалар жинағы») жасалып, тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жағдайында дәйектелді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

- «бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» элективті курсының әзірленген бағдарламасы тәжірибеге ендірілді;
- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың жүйесі дайындалып, тәжірибеден өткізілді;
- зерттеу нәтижелерін педагог мамандар даярлайтын жоғары және орта кәсіптік оқу орындарының білім беру процесінде, сонымен қатар бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау жүйесінде де пайдалануға болады.

Зерттеу жұмысының ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:

Қазақстан Республикасында білім беру саласын дамытуға арналған негізгі нормативтік-құқықтық құжаттар - ҚР «Білім туралы» Заңы, жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңы, сонымен қатар, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында педагогтердің мәртебесін көтеруде олардың кәсіби-шығармашылық іс-әрекетінде шешуші рөл атқаратын

құзыреттілікті, эмоционалды интеллектті дамыту, іс-әрекеттегі зерттеу, сыни ойлау, тайм-менеджмент, т.б. бойынша біліктілігінің жеткіліксіз деңгейі мәселелерін шешу қажет деп көрсетілген. Осылайша, Қазақстандағы білім беру жүйесін дамыту процестері болашақ педагогтерді кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлауды жетілдіру мәселесін маңызды міндет ретінде қарастырады. Бұл құжаттарда педагогтің кәсіби құзыреттілігін арттыру және білім мазмұнын жетілдіру арқылы бәсекеге қабілетті маман даярлау басым бағыттар ретінде белгіленген. Аталмыш құжаттарға сәйкес, «Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби - шығармашылық іс-әрекеті» атты элективті курс бағдарламасы, «Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» атты оқу- әдістемелік құралының мазмұны бастауыш білім мен ғылымның даму бағыттарына сәйкес келеді.

Докторанттың әр басылымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы: Зерттеу нәтижелері негізінде 13 ғылыми еңбек жарияланды. Зерттеу барысында 13 еңбек жарық көрді.

Scopus деректер қорына енетін жарияланымда: 1. [The Effect of Primary School Teachers Using Online Education on Their Professional Creativity](#)// Review of Journal of Cognitive Research in Science, Engineering and Education (IJCRSEE). – 2024. - 12(1) – P. 19-29. Бұл мақалада бастауыш сынып мұғалімдерінің онлайн білім беру құралдарын қолдану тәжірибесі қарастырылып, оның кәсіби-шығармашылықты дамытудағы рөлі зерттеледі. Зерттеу нәтижелері онлайн оқытудың мұғалімдердің инновациялық ойлау қабілетін арттырып, кәсіби қызметінің тиімділігін жоғарылататынын көрсетеді. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 75%-ды құрайды.(Co-authored by: Huseyin Uzunboylyu - 10 %, Gulnar Zholtayeva - 10 %, Ulzharkyn Abdigapbarova - 5%)

1. ҚР БжҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда 4 мақала жарияланды:

1) Бастауыш сынып мұғалімінің қашықтықтан оқыту жағдайындағы шығармашылық іс-әрекеті. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы. «Педагогика және психология ғылымдары» сериясы. – 2023. - №1(54). - 224-236 бб. Бұл мақалада қашықтықтан оқыту жағдайында бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылық іс-әрекетінің ерекшеліктері мен оны жетілдіру жолдары талданады. Мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттыруда цифрлық технологиялардың шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпалы айқындалады. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 35%-ды құрайды. (Қосалқы авторлар Сарсекулова Д.М. - 45%, Жолтаева Г.Н. - 10%, Майлыбаева Г.С. - 10%)

2) Creativity as a component of professional activity of elementary school teachers. - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы. «Педагогика және психология ғылымдары» сериясы. – 2023. - №2(55). - 204-214 бб. Мақалада бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетінде шығармашылықтың алатын орны мен мәні қарастырылады.

Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 75%-ды құрайды. (Қосалқы авторлар Жолтаева Г.Н. - 10%, Uzunboylu H. - 10%, Сарсекулова Д.М. - 5%)

3) Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың алғышарттары. - Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы: Педагогика .Психология. Әлеуметтану сериясы. - 2023. - №3(144). -24-36 бб. Бұл мақалада болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың теориялық және практикалық алғышарттары талданады. Педагогикалық білім беру үдерісінде шығармашылық қабілеттерді қалыптастырудың тиімді тетіктерін ұсынылады. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 80%-ды құрайды (Қосалқы автор Г.Н. Жолтаева -15%, А.Б. Абуханова -5%)

4) «Contents and organization aspects of preparing future elementary school teachers for professional-creative activities». . - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы. «Педагогика және психология ғылымдары» сериясы. – 2024. - №2(59). - 115-125 бб. Мақалада болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың мазмұндық қырлары мен ұйымдастыру аспектілері қарастырылады. Зерттеу нәтижелері мұғалімнің кәсіби-шығармашылығын дамытуға бағытталған білім беру үдерісін жетілдіру жолдарын айқындайды. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 70%-ды құрайды. (Қосалқы автор Huseyin Uzunboylu- 10%, Gulnar Zholtayeva - 10%, Ulzharkyn Abdigapbarova - 10%).

3. Оқу құралы: Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті. – Талдықорған, 2024. – 195 б. Оқу құралын жазудағы докторанттың үлесі 70%-ды құрайды. (Қосалқы автор: Жолтаева Г.Н. - 30%)

4. Шет елдік және отандық басылымдарында 8 мақала жарық көрді:

1) «Сущность понятий «творчество» и «творческая деятельность учителя»: Вестник ЖУ. №3 (104). -2022. 209-215 бб. Бұл мақалада «шығармашылық» және «мұғалімнің шығармашылық іс-әрекеті» ұғымдарының мәні ашылып, олардың педагогикалық ғылымдағы теориялық негіздері талданады. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 80%-ды құрайды. (Қосалқы авторлар Узунбойлу Х – 10%, Жолтаева Г.Н. - 10%)

2) «Стратегии подготовки профессионального творчества. //Материалы международного форума «Актуальные проблемы науки и образования», посвященного 300-летию Российской академии наук. - Екатеринбург 2022 . - С. 469-478. Бұл мақалада кәсіби шығармашылықты қалыптастыру мен дамыту стратегиялары қарастырылып, болашақ мұғалімдерді даярлаудағы тиімді тәсілдер ұсынылады. Кәсіби шеберлік пен шығармашылық қабілеттерді ұштастырудың маңыздылығы көрсетіледі. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 100 %-ды құрайды.

3) Педагогикалық шығармашылықтың маңызы – Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ғасырдағы педагогикалық білім беру: басымдықтар мен ізденістер» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Астана, 7 қазан, 2022. 170-175 бб. Бұл

мақалада педагогикалық шығармашылықтың теориялық негіздері мен практикалық маңызы қарастырылып, ХХІ ғасырдағы білім беру талаптарына сай мұғалімнің кәсіби дамуындағы рөлін көрсетуге баса назар аударылады. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 100 %-ды құрайды.

4) Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби шығармашылығының ерекшеліктері. Университеттің 50 жылдығына арналған «Болашақ ұрпағы: ғылым мен білімнің тәжірибесі мен болашағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция.-Талдықорған, 21 қазан 2022 ж. 69-74 бб. Бұл мақалада бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби шығармашылығының ерекшеліктері қарастырылып, оның педагогикалық қызметтегі рөлі мен маңызы талданады. Шығармашылық қабілеттерді дамыту арқылы мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін арттыру жолдары көрсетіледі. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 100 %-ды құрайды.

5) The structure and formation of creative competence of an elementary school teacher 9-я Глобальная конференция по современным проблемам в образовании (GLOBE-EDU 2022) Алматы, 06 - 07 октября 2022 г. 13 -14 бб. Бұл мақалада бастауыш сынып мұғалімінің шығармашылық құзыреттілігін қалыптастыру құрылымы мен тәсілдері талданады. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 100 %-ды құрайды.

6) Бастауыш сынып мұғалімінің шығармашылық құзыреттілігін қалыптастыруда жас ерекшелігінің маңызы. - Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай «Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұрасы, заманауи білім мәселелері: бүгінгі мен болашағы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 25 қараша 2022. 573-578 бб. Бұл мақалада бастауыш сынып мұғалімінің шығармашылық құзыреттілігін қалыптастыруда жас ерекшеліктерінің рөлі мен маңызы қарастырылады. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 100 %-ды құрайды.

7) Развитие творческих способностей младших школьников на уроках музыки.- Материалы III Международной научно-практической интернет-конференции «Проблемы та перспективи розвитку сучасної науки в країнах Євразії» // Збірник наукових праць. – Переяслав - С. 2023. – 28 -31. Бұл мақалада музыка сабақтары арқылы бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары қарастырылады. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 100 %-ды құрайды.

8) «Characteristics of professional creativity of primary class teachers». - Innovative scientific research V international scientific conference. Toronto. Canada, 20-21.07.2023. – P 48-52. Бұл мақалада бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби шығармашылығының ерекшеліктері мен негізгі сипаттары қарастырылады. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 100 %-ды құрайды.